

## **БЕКІТЕМІН**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
қабылдау комиссиясының төрағасы,  
Басқарма төрағасы-Ректор  
Түймебаев Ж.К.**



**2022 ж.**

**«M032 - Аудиовизуалдық өнер және медиа өндіріс»  
білім беру бағдарламалар тобы бойынша  
тұсушілерге арналған шығармашылық емтиханның  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **1. Жалпы ереже**

1.1 Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес «M032 - Аудиовизуалдық өнер және медиа өндіріс» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

- 1) Эссе
- 2) Ғылыми зерттеуге ұсынылған тақырыптың презентациясы

1.3 Шығармашылық емтихандарды үйымдастыру және өткізу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңінде емтихан комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-окытушылық құрамы, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық үйымдар өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтиханға өтініштерді қабылдау **1 маусым мен 15 шілде аралығында** ҚР БжFM ҰОТ ақпараттық жүйесі арқылы іске асырылады.

1.5 Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың **16-25 шілдесінде** аралығында мына мекен-жайда өткізіледі: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71, журналистика факультеті.

1.6 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға тұсушілердің назарына бұл

туралы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) жарияланады.

1.7 Шығармашылық емтихан бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

1.8 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарды тапсыруы жеке басын күэландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

1.9 Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парактартарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10 Шығармашылық емтиханының қорытындылары – бағалау ведомосімен, рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін формадағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына тәраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.11 Шығармашылық емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

1.12 Әр шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл - 35. 17 балдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

1.13 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясы талапкерге университетке ақылы негізде окуға түсү туралы өтініштің көшірмесін шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан береді.

1.14 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.15 Шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыруши тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылдау комиссиясы тәрағасының бүйрығымен тақ саннын тұратын (тәрағасын қоса алғанда) апелляциялық комиссия құрылады.

1.16 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия тәрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді. Өтініш шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

1.17 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

**2. «M032 Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс»  
білім беру бағдарламалар тобы бойынша  
шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі**

**1-ші шығармашылық емтихан – берілген тақырыптардың біріне әссе**

Емтиханға 3 сағат беріледі.

Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтихан басталардан 30 минут бұрын басталады.

**Әссе түрлері (өтініш берушінің тандауы бойынша):**

Әссе түрлері	Сипаттамасы	Әссе көлемі
Мотивациялық	Баспа ісі, шығармашылық индустріяға бағытталған білім бағдарламасын оқуға деген ынталанысын білдіруі	1000 сөзден жоғары
Мәселелік	Қазіргі әлемнің өзекті мәселелеріне қатысты өз үстанымын білдіру	

**Әссе тақырыптардың үлгілі тізбесі**

1. Әдеби редакциялау
2. Авторлық қолжазба
3. Баспа қызметін үйімдастыру
4. Кітап ісіндегі библиография
5. Баспа ісіндегі менеджмент
6. Білім экономикасы және шығармашылық капитал
7. Шығармашылық мәдени индустрія
8. Шығармашылық ақпараттық технологиялар
9. Сандық шығармашылық идеялар
10. Фылыми шығармашылық идеялар мен жобалар

### Эссеңі бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Балы
Тақырыпты ашу; Тақырыпты ашудағы өзіндік ерекшелік; келтірілген фактілердің орындылығы мен нақтылығы	тақырып теориялық деңгейде, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып ашылған	15
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (позиция, ұстаным) ұсынылған	
	Әр түрлі ақпарат көздері қолданылған	
Баяндаудың қисындылығы, дәйектер мен қорытындылардың сенімділігі; мәтін құрылымының нақтылығы мен мағыналылығы; баяндаудың жандылығы, бейнелілігі, әсерлігі	Эссеңің құрылымдық компоненттері логикалық байланысып, композициялық тұтастықтың болуы	10
	ішкі логиканың болуы, нақтыдан жалпыға, жалпыдан жекеге өту мүмкіндігі	
	Жалпылама ой мен қорытындының болуы	
Жазба тілдің нормаларын менгеруі; сөздік қордың молдығы мен әртүрлігі, даяр сөз орамдары мен дайын сөз үлгілерінің болмауы	академиялық жазудың жоғары деңгейінің (сөздік қор, ғылыми терминология, грамматика, стилистика білімдері) көрсетілуі	10
<b>Ең жоғары балл</b>		<b>35</b>

\* 17 балдан төмен – қанагаттанарлықсыз баға

### 2-ші шығармашылық емтихан – Ғылыми зерттеуге ұсынылған тақырыптың презентациясы

Презентацияда жоспарланған ғылыми зерттеуді негіздеу ұсынылады, онда мақсат, міндет, нысан, зерттеудің пәні мен методологиясы, әдебиетке шолу және зерттеудің күтілетін нәтижелері көрсетілуі керек.

### Презентацияны бағалау критерийлері

Критерилер	Дескрипторылар	Балы
Мәселенің өзектілігі, эрудиция, аналитикалық ойлау, ғылыми аппаратты игеру, мәселені шешуге ұсынылған жауаптар	Сұқбат жауаптарының нақтылығы және сенімділігі, эрудициясы	15
Жұмыста ғылыми компоненттердің болуы, рефераттың тақырыбын ашуға арналған мәселелердің жауаптарын табу	Сұқбаттасу кезінде шығармашылық зейінін жинақтай білу, терминологияны білу	10
Өз ойын ауызша жеткізе білу, өзінің көзқарасы мен тұжырымдамаларын сенімді қорғай білу	Өз көзқарасын қорғай білу және әр түрлі сұрақтарға жауап беру	10
<b>Ең жоғары балл</b>		<b>35</b>

\* 17 балдан төмен – қанагаттанарлықсыз баға

### 3. 2022 жылы шығармашылық емтихандарды өткізу

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (оффлайн) форматта қабылданады.

**4. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

1. Гладких Н., Зеленцова Е. Творческие индустрии. Теории и практики. –М. Изд.: Т8. - 2021.
2. Молочков В. П. Макетирование и верстка в Adobe InDesign. – М., Нац. Откр. Универ. «ИНТУИТ». - 2016. - <http://www.knigafund.ru>
3. Джон Хокинс. Креативная экономика. – М., Изд.: Классика 21 век. - 2011.
4. Ричард Флорида. Креативный класс: люди, которые меняют будущее. – М. Изд.: Классика 21 век. – 2007.
5. Майсурадзе Ю.Ф. и др. Энциклопедия книжного дела. – М.: Юристъ. - 2004.

